

Мемлекеттік кәсіпорындарды акционерлік қоғамдар етіп қайта құру жөніндегі үйымдастыру шаралары туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1993 жылғы 5 наурыз N 1136

Реформалар жүргізу кезеңінде мемлекеттік кәсіпорындардың тұрақты жұмыс істеуін және олардың қызметінің коммерциялануын қамтамасыз ету, мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіру процестерін жеделдету экономиканың мемлекеттік секторында басқарылудың сақталуын қамтамасыз ету мақсатында қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мұлік жөніндегі мемлекеттік комитеті мен оның аумақтық комитеттері мемлекеттік кәсіпорындар мен үйымдарды /совхоздардан басқаларын/, өндірістік және ғылыми-өндірістік бірлестіктерді /бұдан әрі - кәсіпорындар/, сондай-ақ жабық үлгідегі акционерлік қоғамдарды /жарғылық капиталының 50 проценттен астамы мемлекет меншігіндегі /ашық үлгідегі акционерлік қоғамдар етіп қайта құруға кіріссін.

Осы Жарлыққа сәйкес шағын жекешелендіру бағдарламасына енгізілген мемлекеттік кәсіпорындар, шетелдік инвестициялар үлесті түрде қатысатын кәсіпорындар /бірлескен кәсіпорындар/, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын үйымдар, сондай-ақ жекешелендірілуіне Қазақстан Республикасында мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің 1993-1995 жылдарға арналған ұлттық бағдарламасында тыйым салынған кәсіпорындар қайта құруға жатпайды.

Аталған жұмыс 1993 жылғы 31 желтоқсанға дейін аяқталсын.

2. Осы Жарлыққа сәйкес құрылатын ашық үлгідегі акционерлік қоғамдардың құрылтайшылары мемлекет тараапынан Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мұлік жөніндегі мемлекеттік комитеті мен оның аумақтық комитеттері болады.

3. Кәсіпорындарды акционерлік қоғамдар етіп қайта құруды әрбір кәсіпорында құрылатын жұмыс комиссиялары Мемлекеттік кәсіпорындарды ашық үлгідегі акционерлік қоғамдар етіп қайта құру туралы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

Тиісті құжаттарды әзірлеп, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мұлік жөніндегі мемлекеттік комитетіне уақтылы тапсыру үшін жеке дара жауапкершілік кәсіпорындардың басшыларына жүктеледі.

4. Мемлекеттік концерндерге, ассоциацияларға және мемлекеттік кәсіпорындардың басқа да ерікті бірлестіктеріне /бұдан әрі - бірлестіктер/ қатысуышылар болып табылатын кәсіпорындар қолданылып отырған занға сәйкес бірлестіктердің үйимдық-хұқықтық нысандарын 1993 жылғы 1 тамызға дейін белгілесін, оларды ашық үлгідегі акционерлік қоғамдар етіп қайта құра отырып, сонымен бір мезгілде құрылтайшы кәсіпорындар олардың жарғылық қорларына қосатын үлестің мөлшерін

белгілесін.

Аталған бірлестіктердің балансына басқару органдары бұрын берген мемлекеттік мүлікті Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті бірлестіктер ашық үлгідегі акционерлік қоғамдар болып қайта құрылған жағдайда жарғылық қорға енгізе алады. Осы Жарлыққа сәйкес құрылатын акционерлік қоғамдардың жарғылық қорларына мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекеттік мүлік жөніндегі комитеттердің мүліктік үлес қосуының тәртібін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті белгілейді.

5. Осы Жарлыққа сәйкес құрылған мемлекеттің меншігіндегі акционерлік қоғамдардың акциялары Қазақстан Республикасы Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетінің келісімінсіз берілмейді немесе сатылмайды деп белгіленсін.

6. Қайта құрылатын кәсіпорынның бұрын тағайындалған әкімшілігіне құрылған акционерлік қоғам акционерлерінің алғашқы жиналысы өткізілгенге дейін акционерлік қоғам Басқармасының барлық өкілеттіктері жүктеліп, сол жиналыста қолданылып жүрген зандарға сәйкес басқару органдары сайланады.

Қайта құрылатын кәсіпорынның басшысына акционерлердің алғашқы жиналысына дейін акционерлік қоғам Президентінің міндеттері жүктеледі.

7. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті мемлекеттік кәсіпорындарды ашық үлгідегі акционерлік қоғамдар етіп қайта құру туралы ережені, акционерлік қоғамның үлгі Жарғысын және акционерлік қоғамның Президентімен үлгі шартты бекітсін.

8. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті өз құзырына сәйкес осы Жарлықтың орындалуын қамтамасыз ететін нормативті актілер қабылдасын, сондай-ақ мемлекеттік кәсіпорындарды акционерлеу бағдарламасын әзірлесін.

9. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен және Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитетімен бірге екі ай мерзім ішінде акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктерін тіркеу жөніндегі Орталық бюро құрсын және осы бюро туралы ережені бекітсін.

10. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының экономика министрлігімен және Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитетімен бірге осы Жарлыққа сәйкес ашық үлгідегі акционерлік қоғамдар етіп қайта құрылуға тиісті кәсіпорындардың тізімін 1993 жылғы 1 шілдеге дейін жарияласын.

11. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы

Премьер-министрінің орынбасары, мемлекеттік мүлік жөніндегі

мемлекеттік комитетінің төрағасы Ж.С.Кәрібжановқа жүктелсін.

12. Осы Жарлықтың қабылдануына байланысты Қазақстан Республикасы Президентінің "Материалдық өндіріс салаларында меншікті мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіруге арналған жұмысты жеделдегу жөніндегі шаралар туралы 1992 жылғы 28 сәуірдегі N 732 Жарлығының күші жойылсын.

13. Осы Жарлық жарияланған сәтінен бастап күшіне енгізілсін.

Қазақстан Республикасының

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК